

ңіздер!» деген сөз орысша «Добро пожаловать!» деген сөздің аудармасы. Мұндай сөздердің мемлекеттік барлық мекемелердің тақтайшасына жазылғанын көріп жүрміз. Ал мектеп – маңызы ерекше, құндылығы жоғары білім ордасы екендігін ескерсек, оның жазуы басқаша болуы керек. Мүмкін орыс тілінде баланы оқуға шақыратын сөз жоқ шығар, білмеймін, бірақ қазақ тілінде Ыбырай атамның «Кел, балалар, оқылық!» деген шақыруы мектеп балаларына арналып отырғандығында ешкімнің дауы бола қоймас деп ойлаймын.

Сондықтан, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық жерлерде орналасқан барлық мектептердің маңдайшаларына тілдік ерекшеліктеріне қарамастан Ыбырай атамның оқу мен білімге шақыратын «Кел, балалар, оқылық!» деген шақыру ұранын жазып қою жұмыстарын қолға алып, оны Ы.Алтынсариннің 180 жылдық тойы қарсаңында барлық жерде іске асырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Екіншіден. Қай қалаға барсақ та келген адамға бірінші көрінетіні тұлға мүсіні. Ол – сол ұлттың тарихы, болмысы, айнасы. Еліміздің бас қаласында Ұлы даланың ұлы тұлғаларына арналған еңселі ескерткіштері бір жағынан қаламызға сән берсе, екіншіден ұлттың айбатын көрсетіп тұрғаны рас. Осындай ірі тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсариннің еңселі ескерткішінің бой көтеруінің уақыты келді деп ойлаймын.

Үшіншіден. Кино өнерінің ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен насихаттау жұмыстарындағы алатын орны ерекше. Қазіргі уақыттағы білім мәселесінің көкейтестілігін және осы жолдағы Ыбырай Алтынсариннің ұлт үшін жасаған еңбегін ескере отырып, Ыбырай бабамыз туралы кино түсіру жұмыстары қолға алыну керек.

Мұндай тәрбиелік мәні зор игі жұмыстарды іске асыра алмасақ, онда бұл Ыбырай жерінде отырған біздер үшін елдігімізге үлкен сын болмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: «Ана тілі», – 2010. – 400 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалар жинағы. Алматы: «Жалын», – 1991. – 464 б.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы: «Раритет» БК, – 2008. – 208 б.
4. Бұл да сонда.
5. Абай. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...Он сегізінші сөз. Алматы: «Раритет» БК, – 2008. – 384 б.
6. Сарбаева А.М. Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. ІХ-ХІХғ. Көкшетау: «Келешек -2030», – 2011. – 219 б.
7. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы: «Ғылым», – 1994. – 288 б.

ӨОЖЗ7

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨНЕР-БІЛІМ БАҒЫТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

**Абдиркенова А. Қ.** – педагогика және психологиясы кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., доктор PhD, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

**Ахметова Ж. Ж.** – қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, педагогика және психология магистрі, «Қостанай тұрмыстық қызмет көрсету колледжі» ҚМҚК.

*Мақалада ХІХ ғасырда қазақ даласында өмір сүрген көрнекті ағартушы, ғалым, ұлттың ұлы ұстазы, жазушы, аудармашы, этнограф Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы өнер – білім, ағартушылық тақырыптарына сипаттама берілген. Шағын әңгімелеріндегі өзекті тақырыптарды қозғалғаны сөз етілген.*

*Түйінді сөздер: еңбек, саналы ғұмыр, ағартушылық, Ыбырай әңгімелері.*

Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады. Ы.Алтынсарин ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлесін қосқан. Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқы алдындағы еңбегі айшықталып танылып, әлдеқашан тиісті бағасын алған. Өзінің жарты ғасырдай ғана өмірінің тең жартысында өз ұлтына қызмет етуден бір сәт жалықпаған, елі мен жұртын жан-тәнімен сүйген.

Қазіргі заманға көз салсақ та, ғылым-білімі дамыған жұрттың халқының өмір сүру, денсаулық жағдайлары оқудан кенде қалып қалып жақтан мемлекеттерден әлдеқайда жақсы екенін аңғарамыз. Бұл құбылысты өз уақытында байқап, қазақ жастарын оқытуға барын салған Ыбырай білім алу идеясын орыс хрестоматиясынан тәржімалаған мысалдарында да, өзі жазған шағын әңгімелерде де кейіпкерлердің іс-әрекеті мен айтқан сөздері арқылы оқырманның санасына сіңіре береді. Мысалы, «Лұқпан әкім» әңгімесінде сипатталған оқиғада дәрігерлікті күнә санайтын, құдайдың қалауына қарсы шыққандық деп есептейтін жаңсақ түсініктегі молдаға Лұқпан әкімнің қайтарған жауабы оқырманның

ойын дұрыс арнаға бағыттайтыны сөзсіз [1, б.235].

Білім алу үшін адамға таудай талап пен асқан сабырлық, еңбек сүйгіштік секілді қасиеттер керек. Тек кітап оқумен адамның өмірі гүлденіп сала бермейтінін, сол білімді пайдаға жаратып, еңбек етуі қажет екендігін Ыбырай терең түсінді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің негізгі идеясы жас өскіндерді, жалпы жұртшылықты еңбекқорлыққа баулу тақырыбында болды. Мәселен, «Әке мен бала» әңгімесіне назар аударайық. Мұнда әңгімеші әке мен баланың реалистік оқиғасын суреттеу арқылы оқырманға «аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың» деген моральді жеткізуге тырысады [2, б. 45].

Ал «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде жер бетіндегі қыбырлап жүрген әр жәндіктің өмір сүру үшін еңбектеніп жүргеніне назар аударта келіп, адам баласы да босқа жатпай, еңбектенуі керек екенін еске салады.

«Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің төттілігі өзгеше болады», – дейді ол. Осы арқылы Ыбырай еңбектің мәні мен маңызын ардақтап көрсетеді. Әрине, үнемі оқу іздеп, тынымсыз еңбек ету үшін адамға жігер керек. Ыбырай алға мақсат қойып, соған жете білуді айналаға қарап үйренуге болатынын «Сәтемір хан» шағын әңгімесінде суреттейді. Жастайынан жетім қалған Сәтемір атты бала құмырсқаның тамның төбесіне қарай шығуға деген талпынысына сүйсіне қарап, мынадай ой түйеді: «Құдай-Тағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа-екеш құмырсқа да тынбай жұмыс істеп жүр. Өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті. Тамның басына шықты. Мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен». [3, б.36]

Бұл әңгімені оқып отырған жас та, ешқандай кедергіге қарамай, үздіксіз алға ұмтылудың арқасында діттеген мақсатқа жетуге болатынына көзі жетеді. Осы секілді еңбек етіп, өнер іздеуге насихаттайтын шығармаларға жастайынан қиыншылық көріп, өз нанын өзі тауып жеуге дағдыланған кедей баласы мен молшылықта еңбектің қадірін білмей өскен бай баласының арасындағы контрастты көрсететін «Бай баласы мен жарлы баласы», тіленші болып жүрген жерінен адал еңбекке бет бұрып, мақсатына жеткен жігіт туралы «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері де мысал бола алады.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркеніетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің «желкілдеп өскен көк шөптей» жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды [2, б. 192].

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың ескі замандардан бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы тұңғыш қазақ педагогы Ыбырай Алтынсарин.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады.

Ыбырай оқытушылық, ағартушылық жұмысты өзіндік жеке мақсат деп есептеген емес. Оның қоғамдық мәніне тереңінентүсініп, сол игілік үшін өзін құрбан етуге даяр болған адам. Қазақ еліндегі қараңғылықтың торын бұзып, ел көзін ашу, тағылық зардабын тартқан халықтың аянынышты тағдырына аз да болса көмек ету азаматтық борышым деп білді. Ағарту ісін өзінің адамгершілік мұраты санаған Ыбырай сол жолға басын тігіп, қандай қиындыққа да көнді. Сөйтіп, ол оқу-ағарту ісінің үгітшісі ғана болып қойған жоқ, соның қажырлы күрескері саналды. Бір адамның қолынан келмейтін осынша ауыр істі өз мойнына алып, ерлік еңбек етті.

Ыбырайдың мектеп ашу жолындағы қоғамдық қызметі ерекше ескерерлік. Ол – алпысыншы жылдардан бастап, өле - өлгенше оқу – ағарту ісімен үздіксіз шұғылданған жалынды ұстаз. [1, б. 814]

Ыбырай кейбір молдалардың «Адам басын қатыратын зарар қасиеттерінен» жасұрпақты сақтап қалуды ойлады. Олар оқытып жүрген кітаптардың дін шаригатында дәл түсіндіре алмайтынын айтып, өзі қазақ балалары үшін мұсылманшылық шарттарын танытар құрал жазады. Оны «шарият ул ислам» деп атайды. Немесе «Мұсылманшылықтың тұтқасы».

«Молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптары адам баласын дұрыс ойдан адастырады, кері кетіреді» [3, б. 270] деп жазады.

«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Олар қазақ даласының кез келген жеріне ретсіз орната салынатын болса ешбір пайда келтіре алмайды. Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы ( бір жөн – тәуір ) білім

беретін болсын, артта қалған халықты мектепке қызықтырып тарту үшін мектеп бітіргендерге не жөнінен болса да бір артықшылық берілетін болсын, сонда ғана оқушылардың саны ешбір күмәнсіз өте тез өседі. Осылай еткенде ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер етеалады, сонда татар фанатизмінің де күлі көкке ұшады» деп жазады Ы.Алтынсарин [5].

Ы. Алтынсарин мұғалім даярлау ісімен бірге оларға керекті оқу-әдістемелік құралдарын жазу мәселесімен де шұғылданды. Оның ұсынуымен орыс – қазақ училищелерінде К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф. Бунаковтың «Әліппесі мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматикалық элементарлық курсы» оқу құралы ретінде пайдаланылды. Орыс педагогтарының үлгісімен орыс – қазақ мектептеріне арнап Ы.Алтынсариннің өзі екі оқу құралын « Қазақ хрестоматиясын» (1889) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» (1889) жазып, бұларды қазақ – орыс мектептеріне тәлтума оқулық ретінде ұсынды. Мәселен, «Хрестоматияға» ол қазақ халқының ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен өлеңдерді, орыс жазушылары Крылов, Толстой, Паульсон т.б. әңгімелері мен мысал өлеңдерін аударды. Ы.Алтынсарин құрастырған «Қырғыз хрестоматиясы» тарихи-мәдени көзқарас жағынан және оның педагогикалық құндылығы жағынан тамаша ескерткіш. Ол өз өмірінде тек I бөлімін ғана бастырып үлгерді. Оның хрестоматиясының екінші бөлімі мазмұнына қарағанда, бастауыш ғылыми білімнің, көбінесе жаратылыс тарихының энциклопедиясы болған тәрізді.

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару.

Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері сол, мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеуге арнап, олардың мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де сапалы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлес қосты. Сол мақсатта қазақ жастарына арнап мектептер ашып, оқулықтар жазды. Өзінің төл өлеңдері мен көркем әңгімелеріне қоса, орыс әдебиетінен мәні ешпес ғажайып аудармалар жасады. Халық болашағын орыс мәдениетімен бірлікте деп санап, сол игі мақсатта тендесі жоқ елеулі еңбек етті.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **Жармұхамедов М.** Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Әбеди-сын мақалалар мен зерттеулер. – А., 1991.
2. **Ламашев Ә.** Ыбырай Алтынсарин. – А., 1991.
3. **Алтынсарин Ы.** Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168 б.
4. [https://www.zharar.info/kz/story/8644-altynsarin\\_ake\\_man\\_bala.html](https://www.zharar.info/kz/story/8644-altynsarin_ake_man_bala.html)
5. <https://www.zharar.info/kz/story/8701-khan.html>

ӘОЖ 711.7

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ: ҚАЗІРГІ МЕКТЕП

**Акмолдаева Ш. Л.** – *Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы №2 жалпы білім беретін мектептің Ағылшын тілі пәні мұғалімі.*

*Жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне бағытталған білім беру идеялары, жаңашыл мұғалімнің дидактикалық принциптері арасындағы байланыс күннен күнге дамып келеді. Ы.Алтынсарин өз қызметінде айтқан қазақ халқының моральдық-рухани жаңғыруы білім берудің қазақстандық моделінің интеллектуалды болашағына негіз болуға тиіс. Бүгін педагогтар еңбегінің нәтижесі қандай болады – ертең қоғам осылай болады.*

*Түйінді сөздер: білім беру, Ыбырай Алтынсарин, педагогика, қазіргі мектеп.*

Әрбір қазақстандыққа оның есімі бала кезінен таныс. Халық жадысы оны ұлы деп атады. Мұғалім, ғалым, жазушы, ағартушы.

Ыбырай Алтынсарин алғашқы қадамдарын Қостанай жерінде жасады, ол көптеген танымал қазақ әдебиетшілері мен ақындарына, ағартушыларына шабыт берді. Дәл осы Алтынсарин қазақ халқына Білім, озық педагогикалық идеялар мен мәдениетті арқау еткен ағартушылық тың алғашқы әрі жомарт қайнаркөзі болды.